

Ашық сабақ

Тақырыбы:

«Қазақстанның Қызыл кітабы»

Қосымша білім беру педагогы

Есмагулова Айгерім Маратқызы

Орал қаласы – 2016ж

Тақырыбы: «Қазақстанның Қызыл Кітабы»

Мақсаты:

Білімділік: Оқушыларға «Қызыл кітап» және оның рөлі жайында мағлұмат беру;

Дамытушылық: Оқыту кезінде оқушыларға тапсырмалар бере отырып, қызығушылықтарын, ой — өрістерін, ойлау қабілеттерін арттыру;

Тәрбиелілік: Оқушыларды өз беттерінше жұмыс жасауға, бірін — бірі тыңдап, өз ойларын білдіре алуға, алған білімдерін іс — жүзінде қолдана білуге тәрбиелеу;

Түрі: жарыс - сабақ

Көрнекілігі: слайд, видео – ролик

Барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі.

Оқушылармен амандасып, түгендеу.

Бүгінгі тақырыпты одан әрі аша түсу үшін назарымызды видео – роликке аударайық.

1. Оқушылар бұл видео – роликтен не түсіндіңдер?
2. Қызыл Кітап бізге не үшін қажет?
3. Қызыл Кітап атауын берген кім?
4. Неге дәл **Қызыл** түс? (оқушылар жауабы тыңдалады)

Ендеше, оқушылар дәл қазір, осы жерде өз білімдеріңізді ортаға салып, дәлелдейтін кез келіп тұр.

1 тапсырма. Ребус шешу

Ребусты шешкенде бүгінгі тақырыбымызға қатысты сөз шығады.

1 сурет. Құлан

2 сурет. Қарақұйрық

3 сурет. Қоқиқаз

4 сурет. Қасқыр

5 сурет. Сілеусін

Жауабы: **Қызыл**

2 тапсырма. Ситуациялық сұрақтар

1 топ Жолда келе жатып жараланып қалған жануарды көрдіңіздер, сіздердің әрекеттеріңіз?

2 топ Табиғаттағы тіршілік иелерін қорғау үшін сіздер қандай іс – шара қолданар едіңіздер?

3 топ Өзіңіз тұрып жатқан жердегі үйсіз жануарларға қалай көмектесер едіңіз ?

3 тапсырма. «Ойлан, тап» Үшінші кезең бойынша, әр топплакатта бейнеленген жануарлардың ішінен Қызыл Кітапқа енген жануарларды тауып, оларға анықтама жазу керек.

1 топ жауабы:Қарақұйрық, Арқар, Қарақұлақ

2 топ жауабы: Барыс, Сілеусін, Қызыл қасқыр,

3 топ жауабы: Қарақал, Ақбөкен, Құлан

4 тапсырма «Мен білемін?»

Әр топ басшысы берілген тақырыпты ашып, түсінік беруі керек

5 тапсырма.Егер мен табиғат жанашыры болсам (шағын эссе)

Қорытынды.

«Жас зоолог» үйірмесі
«Қазақстанның Қызыл кітабы» атты ашық сабақ

Топтық жұмыс



«Көгершін» тобы



«Ақбөкендер» тобы



«Барыс» тобы